

**Шамбулов А.,**  
**ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**  
**заң факультетінің 4 курс студенті**

*Ғылыми жетекшісі: ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы Даубасова С.Ш.*

**ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІН ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ  
КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақ мемлекеті тарихы тұсында алғаш рет 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданып, оның кіріспесінде біздің еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігі бүкіл әлемге салтнатты түрде жарияланды. Ендігі жерде тоталитарлық режимге экономика, саясат пен идеологияның жалпы тәуелдігіне еш уақытта қайта оралмауға серт етілді.

Бүкіл халықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы қоғам, мемлекет және азаматтардың негізгі қағидалары мен өмірлік қызмет бағыттарын бекітті. Оның алғашқы бабы, Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны; ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екенін жария етті.

Бірнеше он жылдықтар бойы сақталған «социалистік» қоғамдық қатынастан «нарықтық» қатынасқа көшу кезеңі, нақты тәуелсіздікті жүзеге асыру мен жас мемлекеттің егемендікке жетуі оңай қару болмай, өзіндік қиындықтарға кез болады, экономика саласында күйзелістерге ұшырады. Жұмыссыздар пайда болды, еңбек ақы мен жәрдемақының төленбеуі нәтижесінде Республикамыз бірқатар ереуілдер туғызады. Қоғамымызда қоғамдық және құқықтық тәртіп деңгейі төмендейді.

Қазақстан халқына ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030 даму, қауіпсіздік және болашақ қазақстандықтардың тұрмысын жақсарту» атты жолдауында біздің қоғамымыз бен мемлекетіміздің перспективті дамуы жоспарланды. Жинақталған өмірлік тәжірибеден арылмас үшін қоғамға қайта қарау және ғылыми баға беру қажеттігі туындайды. Басқа сапалық құқықтық және әлеуметтік жүйеге өту кезеңі бойынша уақыт күрделі жұмыстар жүргізуді қажет етеді[1].

Осыған орай қоғамымыздағы өзгерістерге сәйкес мемлекеттік таразаланған саясатымен қолдау табатын рухани атмосфераны қалыптастыру маңызды.

Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтардың қылмыстардан тұрақты өсу тенденциясы қоғамдағы табиғи – саяси климатқа теріс әсер етеді, адамдар ертеңгі күнге сенімсіздік тудырады.

Құқық қорғау міндетін жүзеге асыра отырып, прокурор бірде бір қылмыстың ашылмай немесе бірде бір кінәлі адамның заңда көзделген жауапкершілікке тартылмай қалмауын қамтамасыз етуге шаралар қолдануға міндетті. Мұнымен жасалған қылмыстан құтылмаушылық қамтамасыз етіледі. Прокурор жедел-ізвестіру қызметін, алдын-ала тергеу және анықтауды реттейтін заң нормаларын ешкімнің бұзбауын қадағалауға, ал заң бұзушылықты анықтағанда - оларды жоюға шұғыл шаралар қолдануға, азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын калпына келтіруге, заң бұзушылықты ескертуге міндетті. Қылмыстармен күрес оларды дереу және толық ашылуы қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылмауына жол бермеу көзінде ғана нәтижелі болады.

Жедел-ізвестіру қызметі саласындағы прокурорлық қадағалаудың бұл міндеттері оның мәнімен тығыз байланысты. Бұл бағыттағы қадағалаудың мәні ҚР прокуратурасы туралы заңының 34-бабына сәйкес: бірінші, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау; екінші, жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды қараудың белгіленген тәртіптерін сақтау, жедел-ізвестіру шараларын орындау; үшінші - жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдармен қабылданатын шешімдердің заңдылығы болып табылады[2].

Қадағалауды жүзеге асыру көзінде прокурорлар Конституция және өзге заңдармен кепілдік берілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына, сондай-ақ осы заңдарда ескертілетін ерекше жағдайлардың сақталуына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеудің негіздері мен тәртіптеріне назар аударуға тиіс.

ҚР Конституциясы әркімнің жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар екенін жария ете отырып, бұл құқық тек сот шешімі негізінде ғана шектеледі деп қарастырады. "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" Заңның 12-бабында мұндай шектеулер мүмкіншілігі жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу көзінде тек мынадай хабарламалар:

1. Құқыққа қарсы әрекет белгілері туралы, ол бойынша алдын-ала тергеу міндетті түрде қажет.

2. Құқыққа қарсы дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасаған тұлғалар туралы, ол бойынша алдын-ала тергеу міндетті түрде;

3. ҚР мемлекеттік, әскери, экономикалық немесе экологиялық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін оқиғалар мен әрекеттер туралы. Кейінге қалдыруға болмайтын және басқа да ауыр немесе аса ауыр қылмыстарға әкеліп соғуы мүмкін, сондай-ақ ҚР мемлекеттік, әскери, экономикалық немесе экологиялық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін оқиғалар мен әрекеттер туралы мәліметтер бар болғанда, құқықтар мен мүдделерді шектеу біршама жақсы, бірақ бұл да заң нормасымен қатаң регламенттелген.

Тексеріс жүргізу көзінде прокурорлар жәбірленушілердің қылмыстардан құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ өзге де заң тыңдаушы азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, бұзылған құқықтарды

калпына келтіруге, материалдық немесе моральдық залалды өтеуге барлық шараларды қолдануға тиіс.

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарда заңдардың орындалуына прокурорлық қадағалау бойынша прокурор жұмысының маңызды бөлігін жедел-іздестіру шараларының белгіленген тәртібін орындау құрайды.

Прокурорлардың анықтауына жататын тағы бір негізгі мәселелердің бірі, жедел-іздестіру шараларын өткізу негіздері болып табылады.

Заң бойынша жедел-іздестіру шараларын өткізу негіздері:

1) қозғалған қылмыстық істің болуы;

2) жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарға мәлім болған: Құқыққа қарсы әзірленіп жатқан жасалып жатқан немесе жасаған әрекеттер, сондай-ақ оны әзірлеуші, жасап жатқан немесе жасаған адамдар туралы, ҚР мемлекеттік, әскери, экономикалық немесе экологиялық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін оқиғалар мен әрекеттер туралы; жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынып немесе қылмыстық жазадан жалтарып жүрген адамдар туралы; хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдар және танылмаған өліктерді тауып алу туралы мәліметтердің болуы;

3) тергеушінің, анықтау органының тапсырмалары, прокурордың нұсқауы немесе олардың өндірісіндегі қылмыстық іс бойынша сот ұйғарымының болуы;

4) жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы өзге органдардың сұранымдарының болуы;

5) ҚР заңдарында каралған тәртіпте уәкілетті мемлекеттік органдармен жүзеге асырылатын қауіпсіздік шараларын қорғалатын адамдарға қолдану туралы қаулының болуы;

6) ҚР халықаралық шарттарына сәйкес халықаралық құқық қорғау ұйымдарының және шет мемлекеттерінің құқық қорғау органдарының сауалдарының болуы.

Нақты жедел-іздестіру шараларының заңдылығын тексеру көзінде прокурор оларды жүргізудің белгіленген тәртібіне, мысалы, азаматың конституциялық құқығын шектейтін жедел-іздестіру шараларын өткізуге сот шешімінің бар болуына де көңіл бөледі.

Өткізілген жедел-іздестіру шараларына баға беруде прокурор заңда бар ережені ғана емес, заңды жетілдіру мақсатында қабылданған ведомстволық нормативтік актілерді де ескереді. Ұйымдасқан қылмыстық топқа енген адамдар туралы, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың жасырын штаттық қызметкерлері туралы, сондай-ақ осы органдарға құпиялық негізде үлес қосатын адамдар туралы мәліметтер, қылмыстық жауапкершілікке тартуды талап етпейтін жағдайлардан басқа кездерде, тек аталған адамдардың жазбаша рұқсатымен ғана прокурорға ұсынылады.

Прокурор жұмысының жауапты участігі - жедел-іздестіру, анықтау және алдын-алу қызметтерін жүзеге асырушы органдармен қабылданатын шешімдер заңдылығын қадағалау.

Прокурорлық қадағалаудың мәніне жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдармен қабылданатын мына шешімдердің заңдылығы жатады:

1. Шұғыл есепке алу істерін жүргізу және тоқтату туралы,
2. Нақты жедел-ізвестіру шараларын жүргізу немесе тоқтату туралы.
3. Жедел-ізвестіру шараларының нәтижелерін анықтау органына, тергеушіге немесе сотқа ұсыну туралы.
4. Жедел-ізвестіру шараларын өткізу барысында қолданылған немесе қолданылатын күштер, құралдар, дереістер, әдістер, жедел-ізвестіру қызметінің жоспарлары мен нәтижелері туралы мәліметтерді, сондай-ақ жедел-ізвестіру шараларын ұйымдастыру мен жүргізу әдістерін құпиялау туралы.
5. Сот шешімі негізінде жүргізілген жедел-ізвестіру шараларының нәтижелері көрсетілетін материалдарды жою туралы.

Алдын ала тергеудің заңдылығын прокурорлық қадағалау

Қазіргі кезде, жеке адамның мойындауы бойынша оның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің жоғары құндылығы болып табылады және бірінші кезекте прокурорлық қадағалауды жетілдіру, оның нәтижелілігін арттыру міндеті тұрады. Прокурорлық қадағалаудың нәтижелілігі кез келген құқықтық институттағы сияқты осы мақсаттарға жетудің нақты қорытындылары бойынша бағалануы керек. Нәтижелілік деген күш-жігерді, әдістер мен уақытты үнемдеу арқылы мақсатқа жету болып табылады. Экономикалық қылмыстық істерді алдын ала тергеуді ҚР Экономикалық және сыбайлас жемқорлықпен күрес Агентігінің бөлімшесі (қаржы полициясы) жүзеге асырады. Тергеу және анықтау заңдылығын қадағалау департаменті туралы арнайы нұсқаулық бар[3].

Дұрыс ұйымдастырылған алдын ала тергеу мен анықтау және олардың заңдылығына прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру қылмыстарды дереу және толық ашуға, оның объективті және жан-жақты тергелуіне, ең соңында - соттың заңды, негізді және әділ шешім қабылдануына елеулі кепілдіктерінің бірін береді.

Тергеу және анықтау заңдылығын қадағалау бір бірімен байланысқан және езара келісілген екі мақсаттан тұрады: бірінші, қылмыс жасаған кінәлі адамдарды жазаланбай қалмауын қамтамасыз ету, екінші, бір де бір азамат негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылуына немесе құқықтарының шектелуіне жол берілмеу керек.

Тергеу және анықтау заңдылығын жүргізу кезінде Конституция және өзге де заңдармен кепілденген жеке бостандық, хат алысу құпиялылығының сақталуы, еркін жүріп-тұру және азаматтардың т.б. көптеген құқықтары мен заңды мүдделері бұзылады, ал кейде елеулі түрде шектеледі. Прокурор қылмыстардың тергелуін реттейтін заң нормаларының бұзылмауын, тергеу кезінде барлық мән-жайлардың жан-жақты, толық және объективті зерттелуі туралы заң талаптарының сақталуын, заңсыз тергеу әдістерін қолданылмауын қадағалауға міндетті. Прокурор заң бұзушылықтарды алдын алуға, ал заң бұзушылықтар анықталған жағдайда - оларды жоюға, азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтірілуіне, моральдық және

материалдық залалдардың өтелуіне, сондай-ақ заң бұзушылықтарға жол берген тұлғаларды жауапкершілікке тартуға шаралар қолдануы тиіс.

Тергеу және анықтау заңдылығын жүзеге асырушы органдарда заңдардың орындалуын прокурорлық қадағалаудың аталған міндеттері оның мәнім тығыз байланыста болады. ҚР Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" Заңының 37-бабына сәйкес қадағалаудың мазмұны мен мәні адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы, жасалған қылмыстар және тергеу жүргізу туралы өтініштер мен хабарларды шешудің заңдарда белгіленген тәртібінің сақталуы, сондай-ақ осы органдармен қабылданатын шешімдердің заңдылығын сақталуы болып табылады[4].

Прокурорлық қадағалаудың барлық әдістерімен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, прокурордың маңызды міндеті болып табылады. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мақсаты мына шаралар бойынша жүзеге асады:

- қылмыстық ізге түсудің, күдіктілерді ұстаудың, айып тағудың және бұлтартпау шараларын қолданудың заңдылығын уақытылы тексеру;

- тиісті дәлелдемелерді алу. Мысалы, Ұсталған адамның заңсыз тергеу әдістерін қолдану туралы арызын алу кезінде прокурор қылмыстық істі қозғау немесе қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы шешім қабылдаумен барлық уәждерді тексеруге міндетті; ҚР Конституциясының, қылмыстық іс жүргізу заңдылықтарының талаптарын бұзумен алған алынған дәлелдемелер дәлелдеу кезінде алынып тасталуы керек.

Прокурор жұмысының үлкен бөлігін жасалған немесе әзірленіп жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды қарау және шешудің белгіленген тәртібін тексеру құрайды.

Жасалған немесе әзірленіп жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарламалар түрлі нысандарда болуы мүмкін:

- азаматтардың арыздары;
- қоғамдық бірлестіктердің хабарламалары;
- атқарушы және өкілеттік (заңды) билік органдары мен мекемелерінің хабарламалары;
- мемлекеттік, қоғамдық, жеке кәсіпорындардың хабарламалары;
- бұқаралық ақпарат құралдарымен (газеттер, журналдар, теледидарлар, радио) жарияланған мақалалар, ескертпелер, хаттар.

Азаматтардың арыздары мен хабарламалары ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Ауызша арыздар хаттамаға енгізіледі және оған арызданушы мен арыз қабылдаған адам қол қояды. Жазбаша арызға азамат қол қояды. Арызданушыға қасақана жалған хабар үшін жауаптылығы туралы ескертіледі. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, билік органдарының, лауазымды тұлғалардың хабарламалары жазбаша нысанда болуы керек. Домалақ арыздар қылмыстық іс қозғауға негіз болмаса да, жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыруға көмектеседі. Прокурор әзірленіп жатқан немесе Прокурор, алдын ала тергеу органдарында заңдардың орындалуын

қадағалай отырып, бұл органдардың тергеушілері тергелу реті туралы заң талаптарын сақтауларын бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

Тергелу реті әртүрлі алдын-ала тергеу органдарына жататын бір немесе бірнеше адамдарды айыптау жөніндегі істерді бір өндіріске қосу кезінде тергелу ретін прокурор анықтайды. Бірақ, осы істердің біреуі ҚРІМ Әскери-тергеу департаментінің тергелуіне жататын болса, онда олар барлық істерді тергейді.

Ұйымдасқан қылмыстың, ашылмаған қылмыстар санының жоғарлауына байланысты, нақты қылмыстық істер бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайларды толық және жан-жақты тергеуде, қылмыс жасаған адамдарды анықтауда жедел-іздігі қызметін жүзеге асырушы органдардың қызметшілері мен тергеушілері әрекеттерінің келісушілігі аса маңызды болып табылады[5].

Қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор тергеушілер мен шұғыл аппараттардың қылмыс жасаған адамдарды анықтау мен жазалау мақсатында барлық қажетті жағдайларда заңда көзделген шараларды қолдану, сондай-ақ жасырынған айыпталушылардың тұрған жерін анықтау, тергеушілер мен шұғыл қызметшілер өкілеттерін шектелуін бақылау кезінде өзара әрекеттесуге шаралар қолдануға тиіс. Тергеушілер мен шұғыл қызметшілердің өзара әрекеттесулері кезінде заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі прокурордың жұмысы мынадай жедел-іздігі деректерін, яғни алдыпала анықтау кезеңінде; айыпталушы тергеуден жасырынған немесе басқа да себептер бойынша оның тұрған жері анықталмаған жағдайда істі өндірістен қысқарту туралы шешім қабылдаған кезден бастап қылмыстық іс қозғалғанға дейін жүзеге асырылады.

Жедел-іздігі қызметінің материалдары бойынша істі қозғау кезінде прокурорға қылмыстық істі қозғау туралы қаулыны қабылдау кезін дұрыс таңдауға уақытшы ықпал ету маңызды[6].

Тәжірибе тергеушілердің шұғыл қызметшілермен әрекеттесуі тергеушілер нақты тапсырмалар берген кезде нәтижелі болатындығын көрсетеді. Осыған байланысты, прокурор тек осы тапсырмалардың уақытылы орындалуын ғана емес, олардың толықтығына да көңіл аудару керек. Қажет болған жағдайда, прокурор біріккен шұғыл-тергеу топтарын құруға шаралар қолдануға тиіс.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Сапарғалиев Г.С. Проблемы соотношения Конституции и законов Республики Казахстан. Законотворческий процесс в Республике Казахстан: состояние и проблемы. Материалы международной научно-практической конференции.-Алматы, 1997, 624с.
2. Журсимбаев С.К. Прокурорский надзор Прокурорский надзор в Казахстане Алматы, 2004
3. Ершов Е. Қылмыстық істер жүргізу құқығы Алматы Жеті жарғы 2000 ж 420 б
4. Нәрікбаев М.С. Прокурорлық қадағалау Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау Астана, 2005

5. Генеральные принципы этики адвокатов Международной ассоциации юристов. Одобрены в 1995 году Правлением МАЮ в г. Эдинбурге (Шотландия) // Российская юстиция. — 1996. — № 2.
6. Төлеубекова Б.Қ. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы. Жалпы бөлім. – Алматы, Жеті Жарғы, 2000. 450 бет